

«Alikhan Bokeikhan University» білім беру мекемесі		
СМЖ құжаты 3 деңгей	25.03.2023 жылғы	Пр.14.04/2023
Ереже	№ 2 Редакция 16.02.2022 жылғы №1 редакцияның орнына	

**ФОРМАЛЬДЫ ЕМЕС БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ КУРСТАРДЫ
ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Семей, 2023

ПРЕДИСЛОВИЕ

Настоящие правила:

1. Разработаны:

Директор Института повышения квалификации и дополнительного образования:

Молдажанов М.Б. Молдажанов «25» 03 2023 г.
(подпись)

2. Согласованы:

Руководитель юридической службы - юрисконсульт:

Эфендиев Э.И. Эфендиев «25» 03 2023 г.
(подпись)

3. Утверждены и введены в действие:

Ректор Курманбаева Ш.А. Курманбаева «25» 03 2023 г.
(подпись)



Мазмұны

1. Жалпы ережелер4
2. Формальды емес білім беру курстарын ұйымдастыру рәсімі **Ошибка! Закладка не определена.**
3. Формальды емес білім беру курстарын –өткізу рәсімі **Ошибка! Закладка не определена.**
4. Қосымшлар.....8

1. Жалпы ережелер

1. Осы формальды емес білім беру шеңберінде курстарды ұйымдастыру және өткізу туралы ереже (бұдан әрі- Ереже) формальды емес білім берудің қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру тәртібін айқындайды.

2. «Alikhan Bokeikhan University» ББ формальды емес білім берудің білім беру бағдарламаларын (бұдан әрі-Курстар) іске асыратын құрылымдық бөлімше Біліктілікті арттыру және қосымша оқыту институты (бұдан әрі-Институт) болып табылады.

3. Ереже келесі нормативтік құқықтық актілердің талаптарын ескере отырып әзірленген:

- 1) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 5-баптың 25) тармақшасы 2007 жылғы 25 шілдедегі
- 2) ҚР Білім және ғылым министрінің 2011.04.20 №152 бұйрығымен бекітілген "Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары", өзгерістер мен толықтырулармен 2018 жылғы 12 қазандағы № 563 Бұйрық;
- 3) "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасын бекіту туралы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы.
- 4) Өмір бойы оқу (үздіксіз білім беру) тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 шілдедегі № 471 қаулысы.

Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) Формальды емес білім беру - білім беру орнына, мерзіміне және нысанына қарамастан көрсетілетін білім беру қызметтерін көрсететін ұйымдар жүзеге асыратын және оқыту нәтижелерін растайтын құжатты берумен бірге жүретін білім беру түрі;
- 2) Білім беру бағдарламасы-білім берудің негізгі сипаттамаларының кешені; оқытудың көлемін, мазмұнын және жоспарланатын нәтижелерін (білім, білік, дағды), сондай-ақ аттестаттау нысандарын айқындайтын құжат;
- 3) Қорытынды бағалау – формальды емес білім беру курстары бағдарламасының талаптарына сәйкес тыңдаушының алған құзыреттерінің деңгейін растау рәсімі;
- 4) Сертификат-маманның біліктілік талаптарына, сондай-ақ нақты сала мен кәсіптік қызмет деңгейіне арналған стандарттарға сәйкестік деңгейін (кәсіптік құзыреттілік деңгейін) растайтын белгіленген үлгідегі құжат.

2. Формальды емес білім беру курстарын ұйымдастыру рәсімі

5. Курстар мазмұнына қарай ұйымдастырылады:

- күндізгі;
- онлайн, жаппай ашық онлайн курстар арқылы (бұдан әрі - MOOC's)

6. Формальды емес білім беру шеңберінде курстарды игеру сабақтас немесе бейіндік білім беру бағдарламалары бойынша қосымша құзыреттер алу, сондай-ақ білім алушының жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылады.

МООС электрондық оқыту технологияларын қолдана отырып, жаппай интерактивті қатысумен және Интернет арқылы ашық қолжетімділікпен оқыту курсы ретінде кәсіби құзыреттілікті дамытуға бағытталған және білім алушылар, оқытушылар қауымдастығын құруға және қолдауға көмектесетін пайдаланушылардың интерактивті форумдарын пайдалануға мүмкіндік береді.

7. Университет педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу мақсатында жүргізеді:

- Курс тыңдаушыларына талапкерлердің өтініштерін тіркеу;
- курстардың білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;
- тыңдаушыларды курстарда оқыту
- Онлайн оқытуды ұйымдастыру үшін Университеттің МООС's платформасын басқару.
- отандық және шетелдік МООС's платформаларымен келісім-шарттар жасау

8. Курстар бойынша оқуға үміткер тұлға (бұдан әрі – Үміткер) Университетке **1-қосымшада** көрсетілген нысан бойынша өтініш береді.

Өтінішке үміткер жеке куәлігінің көшірмесін қоса береді.

9. Тыңдаушыларды курстарға қабылдау үміткердің өтініші негізінде оқуға жіберу туралы Институт директорының өкімімен ресімделеді.

Оқытуды іске асыру үшін университет пен тыңдаушы арасында ақылы білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт жасалады.

Тыңдаушы курстарда оқудың мынадай шарттарын көрсете отырып университетпен оқу шартына қол қояды:

1) белгіленген оқу жоспарына, кестеге және / немесе сабақ кестесіне сәйкес оқу;

2) оқу тәртібі мен мінез-құлық нормаларын сақтауға, оның ішінде профессор-оқытушылар құрамына және басқа да білім алушыларға құрмет көрсетуге, олардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғпауға;

3) курс кестесіне сәйкес барлық сабақтарға қатысуға;

4) алынған ең жоғары балдың кемінде 50% көлемінде қорытынды бағалаудан өтуге міндетті.

Тыңдаушылар құқылы:

- білім беру бағдарламаларының мазмұнын анықтауға қатысу;

-білім беру бағдарламаларын игеру үшін қолда бар нормативтік және нұсқаулық құжаттарды, оқу және оқу-әдістемелік материалдарды, сондай-ақ кітапхана және ақпараттық қорды, басқа бөлімшелердің қызметтерін пайдалануға;

- институттың өкімдеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдану.

МООС's университетінің курстарында оқу үшін өтініш беру процедурасы және курстарға рұқсат алу ұқсас.

10. Білім беру процесі институт қалыптастырған оқу процесінің кестесімен (сабақ кестесімен) реттеледі.

11. Формальды емес білім берудің білім беру бағдарламасын оқытушы/оқытушы әзірлейді және Институт директоры бекітеді (2-қосымша). Курстардың білім беру бағдарламасы тыңдаушы оқуға жіберілген күннен бастап 10 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде әзірленеді.

3. Формальды емес білім беру курстарын өткізу рәсімі

12. Курстарды өткізу әр түрлі бағыттар мен модульдерді игеру арқылы, сондай-ақ курстың бейініне сәйкес кәсіпорындар (ұйымдар) базасында бір мезгілде немесе кезеңмен жүзеге асырылады.

Курстардың профилі университеттің білім беру қызметін жүргізуге арналған лицензияның қосымшаларында көрсетілген білім беру бағдарламаларының профильдерімен қатаң анықталған.

13. Курстарды университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы жүргізеді.

Курстарға оқытушыны қамтамасыз ету үшін институт кафедра меңгерушілеріне формальды емес білім беру шеңберінде сабақ өткізуге оқытушылардың кандидатураларын ұсыну туралы қызметтік жазба жібереді.

14. Курстардың ұзақтығы тыңдаушының өтінішінде айқындалады және 6 (алты) академиялық кредитпен (180 академиялық сағат) шектеледі.

Курстың академиялық сағаты 45 минутты құрайды.

15. Курстардың білім беру бағдарламасы бекітілгеннен кейін институт маманы оқытушы мен студенттің оқу жүктемесін ескере отырып сабақ кестесін жасайды. Кестені институт директоры бекітеді. (МООС's арқылы оқыту үшін кесте қажет емес)

Курстар университеттің материалдық базасының бос аудиторияларында өткізіледі.

3-қосымшада белгіленген нысан бойынша сабаққа қатысу журналын оқытушылар жүргізеді (МООС's арқылы оқыту үшін қатысу журналы талап етілмейді).

Теориялық курсты аяқтағаннан кейін 4-қосымшада белгіленген нысан бойынша ведомость жасалады.

Теориялық оқуды бітірген және сертификат алғысы келетін тыңдаушылар оқытушы белгілеген нысан бойынша емтихан тапсырады.

Емтихан нәтижелері бойынша теориялық дайындық бағасын ескере отырып, қорытынды ведомость жасалады (5-қосымша)

16. Білім алушылардың жетістіктерін балдық-рейтингтік бағалау:

Рейтингтік бақылау (ағымдағы) – 60%;

Емтихан (қорытынды) – 40%

Тыңдаушылардың білімін бағалау критерийлері

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Ұпайлардың сандық баламасы	Пайыздық мазмұн	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B +	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B -	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	қанағаттанарлық
C -	1,67	60-64	
D +	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
FX	0	25-49	қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

Рейтингті есептеу

№	Жұмыс түрі	балл саны
1	Теориялық оқыту	60%
2	Емихан	40%
3	Барлығы:	100%

Пән бойынша қорытынды бағаны есептеу.

$$ИО = T_{и} * 0,6 + Э * 0,4$$

мұнда:

$T_{и}$ – Теориялық оқытудың қорытынды рейтингі;

Э – емтихандағы бағалаудың сандық баламасы.

17. Тыңдаушыларды оқытуды аяқтау және сертификат беру туралы шешім Институт директорының өкімімен ресімделеді

18. Курстардың білім беру бағдарламасына сәйкес қорытынды бағалаудан сәтті өткен тыңдаушыларға Университет осы Қағидаларға б-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сағат тақырыбы мен көлемін көрсете отырып сертификат береді.

19. Қорытынды бағалаудан өтпеген тыңдаушыларға:

- 1) жылына бір реттен жиі емес білімді қайта бағалау үшін;
- 2) келесі курстар ағынымен білімді қайта бағалауға;

20. Институт директоры, ал ол болмаған жағдайда оны алмастыратын тұлға сертификаттың түпнұсқалығын тексеру үшін QR-коды (Кью Ар-коды) бар сертификат берілген күннен бастап 3 (үш) жыл ішінде жарамды сертификатқа қол қояды.

Қосымша 1

Біліктілікті арттыру және қосымша
оқыту институтының директоры
М. Б. Молдажановқа

Аты – жөні

ЖСН _____

Телефон

Өтініш

Мен Сізден формальды емес оқыту бағдарламасы бойынша _____

курсына _____ сағат көлемінде 202__ жылдың _____

дейін жазуыңызды сұраймын.

Оқыту тілі _____

Құны мен шарттарымен таныстым.

(өтініш берілген күні)

(өтініш берушінің қолы)

ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY

Біліктілікті арттыру және қосымша оқыту институты

«БЕКІТЕМІН»

Институт директоры, доктор PhD

Молдажанов М.Б.

«30» июня 2022 год

«_____»

пәні бойынша формальды емес оқыту курсының білім беру бағдарламасы

Мақсаты:

Міндеті:

Мазмұны

№	Тақырып атауы	Барлық сағат саны			
		Барлығы	Дәріс	Тәжірибе	Тыңдаушының өзіндік жұмысы
Модуль I. «.....»					
1.		1			
2.					
3.					
4.					
Модуль бойынша барлығы					
Модуль II «.....»					
5.					
6.					
7.					
8.					
9.					
Модуль бойынша барлығы					
Модуль III. «.....»					
10.		1	1		
11.					
12.					
13.					
Модуль бойынша барлығы					
Барлығы					

Курс оқытушысы: _____ / _____ /

Қосымша 3

Формальды емес оқыту курсы тыңдаушыларының сабаққа қатысуын есепке алу журналы

Курстың атауы _____

Курс оқытушысы _____

№	Тыңдаушының Т. А. Ә.	Күні													

Курс оқытушысы: _____ / _____ /

ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY

Біліктілікті арттыру және қосымша оқыту институты

ВЕДОМОСТЬ

Курстың атауы _____

Курс оқытушысы _____

Өткізу күні « _____ » _____ 202__ ж.

№	Тыңдаушының Т. А. Ә.	Әріптік жүйе бойынша бағалау	Ұпайлардың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұн	Қолы

Оқытушы _____
ҚОЛЫБіліктілікті арттыру және қосымша
оқыту институтының Директоры _____
ҚОЛЫ

ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY

Біліктілікті арттыру және қосымша оқыту институты

ЕМТИХАН ВЕДОМОСІ

Курстың атауы _____

Курс оқытушысы _____

Өткізу күні «_____» _____ 202__ ж.

№	Тыңдаушының Т. А. Ә.	Теориялық оқыту бойынша баға	Емтихан	Қорытынды баға	Қолы

Оқытушы _____
ҚОЛЫБіліктілікті арттыру және қосымша оқыту институтының Директоры _____
ҚОЛЫ

СЕРТИФИКАТ
Біліктілікті арттыру және қосымша оқыту институты

Осы сертификат,

Настоящим подтверждает, что

« _____ » бағдарламасы бойынша
курстан ___ академиялық сағат көлемінде
202_ жылғы «__» _____ «__»
_____ дейін өткенін растайды

прошел(-а) курсы по программе
« _____ » в объеме -
_____ академических часов с «__» _____
по «__» _____ 202___ года.

1. Теориялық курс – ___ балл.
2. Емтихан (ауызша) – ___ балл.

1. Теоретический курс – 80 баллов.
2. Экзамен (устно) – 80 баллов.

Институт директоры Молдажанов М.Б.

Директор Института Молдажанов М.Б.

202_ жылғы «__» _____

«__» _____ 202___ года

Тіркеу нөмірі _____

Регистрационный номер _____